

**Бекіткен:**

«Кселл» АҚ директорлар кеңесі

## Құпиялылық саясаты

*«Кселл» АҚ осы саясатта келтірілген ұстанымдарды бекітті. Біз әр қызметкерден күнделікті жұмысында бизнесті жүргізу әдісі ретіндегі осы саясатқа жүгінетінін күтеміз. Біз сондай-ақ «Кселл» АҚ үлесі бар компанияларда осы саясат ұстанымдарын ендіремекпіз.*

### 1. Кіріспе

«Кселл» АҚ (бұдан былай - Кселл) клиенттеріміз үшін жеке өмірлеріне қол сұғылмаушылықтың өте маңызды екенін түсінеді.

Кселл адам құқықтарын қадағалау жөніндегі халықаралық стандарттарды қолдайды. Осы саясат мақсаты құпиялықты сақтау жөніндегі барлығы үшін Кселл барлығы үшін бірдей жоғары стандарттарын орнату болып табылады.

Басты мақсат клиенттерге Кселлдің олардың жеке өмірге қол сұғылмаушылық құқықтарын құрметтеп, қадағалайтынына кепілдеме беру. Тағы бір мақсат компания үшін құқықтық тәуекелдерді, сондай-ақ осыған байланысты іскерлік беделді және бренд құндылығын жоғалту тәуекелін төмендету. Кселл ірі байланыс желілерін басқаратын және деректер ауқымына ие телекоммуникациялық байланыс операторы болып табылады және осы ретте біз клиенттердің құпиялылыққа деген құқықтарын қорғау мақсатында біртұтастықты және ақпараттың қорғалуын қамтамасыз етуге тырысамыз.

Кселл компаниясы осы саясат негізін құрайтын «TeliaSonera тобының этика және тәртіп кодексінің» негізінде жасап шығарылған «Этика және тәртіп кодексін» қабылдады (танысу үшін <http://www.teliasonera.com/en/about-us/corporate-governance/code-of-ethics-and-conduct/> сілтемесіне өтіңіз).

### 2. Ұстанымдар

Кселл клиенттердің жеке деректерін қорғауға тырысып, олардың жеке өмірлеріне қол сұғылмаушылықты қамтамасыз етуге талпынады. Осы ретте біз:

1. клиенттерді Кселлдің олардың жеке деректерін жинайтынын және оларға осы деректердің кейіннен қалай пайдаланылатынын хабарлаудың алдыңғы қатарлы тәжірибесін қолданамыз;
2. Клиенттің мөлдірлікке кепілдеме беретін ең қалаулы әдіс ретіндегі еркін, анық айтылған және саналы келісімінің негізінде деректерді жинау мен өңдеу әдісін пайдаланамыз;
3. Жеке деректерді оларды жинау мақсаттарына сәйкес келетін жеке деректермен ғана шектейміз, солай бола тұра осындай мақсаттар нақты білдіріліп, заңнамаға қайшы келмеулері тиіс;
4. Компанияның барлық бөлімшелерінде жеке деректердің, оның ішінде олардың жиналған елінен тыс жерлерде заңға сәйкес тиісті дәрежеде өңделуін қамтамасыз етеміз. Құпия ақпараттың тұрақты қадағалануын қамтамасыз ете отырып, деректердің белгілі бір міндетті орындау үшін қажет шектерде ғана өңделуін қамтамасыз етеміз. Жеке деректер, оның ішінде жасырын пайдаланушылардың деректерін өңдеуді қосқанда тек оперативті міндеттерді орындау үшін қажет шектерде, клиенттерге сапалы қызмет көрсету және коммерциялық қызметті жүргізу үшін пайдаланылуы тиіс;
5. жеке деректерді заңмен талап етілетін мерзімнен артық емес немесе өндірістік мақсаттарда, клиенттерге сапалы қызмет көрсету мен сәйкес коммерциялық іс-әрекетті жүргізу үшін ғана қолданамыз. Осы деректерді бастапқы мақсатта ары қарай сақтау

#### Бекіткен:

«Кселл» АҚ директорлар кеңесі

- қажеттігі болмағанда осындай деректер қалпына келтірілмейтіндей етіп жойылады немесе оларға жасырын сипат беріледі;
6. мүмкін болғанынша жеке деректердің нақтылығы мен өзектілігін қамтамасыз етеміз; клиенттерге жеке деректерінің амандығы мен қате ақпаратты жоюға қатысты негізді шара қабылдаймыз;
  7. жеке деректерді өкілетті органдарға мұның заңмен ескерілген шегінде ғана немесе клиент рұқсатымен береміз. Негізінен, жазбаша берілген сұранымдар басым болады, алайда кейбір жағдайларда сұранымдардың ауызша келу мүмкіндігін ескеру қажет, мысалы егер ауызша сұранымдар заңмен ескерілген жағдайларда немесе төтенше жағдаяттарда ескерілген болса;
  8. жеке деректерге заңсыз қол жеткізуге, жеке деректерді өңдеу мен сақтауға қатысты тәуекелдерді тұрақты түрде бағалаймыз, сондай-ақ осындай тәуекелдерді азайту үшін сәйкес стратегияларды жасап шығарамыз;
  9. осы саясатта анықталған ақпаратты қорғау дәрежесіне сәйкес жабдықтаушылардан Кселл компаниясының жинаған жеке деректердің жоғалуына, ұрлануына, заңсыз ашылуына немесе негізсіз пайдаланылуына қарсы шара қолдануларын талап етеміз; жабдықтаушылардан осындай деректерді олардың өз қызметтерін жүргізулері барысында, оның ішінде осындай деректердің жиналып, алынған ел аумағынан тыс пайдаланылу барысында осындай деректерді тиісінше және заңды пайдалануды талап етеміз;
  10. Кселл компаниясының желілері мен телекоммуникациялық сервистері арқылы берілетін хабарламалар мен сәйкес ақпаратты, сондай-ақ абоненттің немесе абоненттік құрылғының орналасқан орнына қатысты ақпаратты қорғау үшін қажет техникалық және ұйымдастырушылық шараларды қабылдаймыз;
  11. Кселл компаниясының әр қызметкерінен заңнамамен және құпия ақпаратты ашпау туралы жазбаша келісіммен ескерілген құпиялықты сақтау туралы міндеттемені қамтамасыз етуін талап етеміз.

Жеке деректердің құпиялылығын қамтамасыз ету мақсатында Кселл компаниясы өз активтерін, атап айтқанда қызметкерлерін, клиенттерін, ақпаратын, ИТ инфрақұрылымдарын, ішкі байланыс желісін және жалпы пайдаланудағы байланыс желісін, сондай-ақ кеңсе ғимараттары мен техникалық құралдарын қорғауды қамтамасыз етеді. Кселл үшінші тұлғаларға құпия ақпараттың заңсыз ашылу жайттарының алдын алу мен анықтау шараларын жүзеге асырады. Кселл құпиялылықты бұзу мен алаяқтық жайттарын анықтау мен бірден жауап беру үшін барлық қажет шара қабылдайды. Кселл қылмыстық әрекет пен алаяқтыққа мүлде жол бермеу саясатын ұстанады. Ерекше назар абоненттердің жеке өмірлеріне қатысты ақпаратқа бөлінеді. Компания тұрақты негізде саясаттың, Топ нұсқаулықтарының ақаулықтарын жою, сондай-ақ заңнама/нормативтік актілердің талаптарын қадағалауды қамтамасыз ету үшін жүйелерді және қауіпсіздік құралдарын тексеріп тұрады.

### 3. Талаптарды қадағалау және бұзушылықтармен жұмыс істеу

Осы саясатты тиісінше орындау үшін қажет сәйкес және жеткілікті ұйымдық ресурстардың болуын қамтамасыз ету мен сақтау, қажет жағдайда түзету шараларын қабылдау қажет.

Ақпараттық жүйелерді жасап шығару немесе сатып алу барысында немесе өнімдер мен қызметтер жасап шығарылғанда осы саясат қажеттіктерінің талаптарын басшылыққа алып, онымен салыстыру жүргізіп отыру қажет.

Қызметкерлер бұзушылықтар туралы хабарлау функциясын пайдалана отырып немесе өздерінің тікелей басшыларына не компанияның кез келген атқарушылық басшысының өкіліне хабарласу арқылы осы саясат ұстанымдарының кез келген бұзушылықтары туралы хабарлауға міндетті. Пайдаланылатын байланыс арнасына қатыссыз осы саясат ұстанымдарының бұзылуы мүмкін болғаны туралы кез келген ақпарат ішкі және/немесе сыртқы тұрғыдан қолдау көрсетумен бірден, негізді түрде және жан жақты тексеріледі.

**Бекіткен:**

«Кселл» АҚ директорлар кеңесі

#### 4. Мақсаты

Кселл мақсаты заң рухы мен әрпіне сәйкес әрекет жүргізу болып табылады. Осы саясат жеке деректерді жинауға және кейінгі пайдалануға қатысты заңмен ескерілген, қатаң немесе қосымша шектеу қоятын міндеттемелер мен шектеулерге таралмайды.

Осы саясат клиенттердің жеке деректерін пайдалануға қатысты Кселл әрекеттеріне таралады және Кселл құрамына кірмейтін компанияларға, басқа компаниялардың веб-сайттары мен қызметтеріне, тіпті оларға қолжеткізім Кселл желісі арқылы жүргізілетін жағдайда да таралмайды.

Кселл жинайтын жеке деректер түрі, сондай-ақ оларды жинау мен пайдалану тәсілі белгілі бір қызмет шеңберінде немесе осындай қызмет бойынша келісім шеңберінде немесе заңнамаға сәйкес басқалай тұрғыдан реттеле алады.

Осы саясаттың соңғы нұсқасымен танысу үшін <http://www.kcell.kz> сілтемесіне өтіңіз